

"2021-2023 жылдарға арналған Арал қаласының бюджеті туралы" Арал аудандық мәслихатының 2020 жылғы 31 желтоқсандағы № 479 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы Арал аудандық мәслихатының 2021 жылғы 29 сәуірдегі № 25 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 5 мамырда № 8323 болып тіркелді. Мерзімі біткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Кодексінің 109-1-бабына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 2-7-тармағына сәйкес Арал аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "2021-2023 жылдарға арналған Арал қаласының бюджеті туралы" Арал аудандық мәслихатының 2020 жылғы 31 желтоқсандағы № 479 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 8110 нөмірімен тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2021-2023 жылдарға арналған Арал қаласының бюджеті 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2021 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 339 314,5 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 58 122 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 780 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0;

трансферттер түсімдері – 280 412,5 мың теңге;

2) шығындар – 359 657 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0;

бюджеттік кредиттер – 0;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0;

қаржы активтерін сатып алу – 0;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – - 20 342,5 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 20 342,5 мың теңге."

Аталған шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Арал аудандық мәслихатының кезектен тыс төртінші сессиясының төрағасы

Арал аудандық мәслихатының хатшысы

А. Садуақасова

Б. Турахметов

Арал аудандық мәслихатының
2021 жылғы 29 сәуірдегі № 25
шешіміне қосымша

Арал аудандық мәслихатының
2020 жылғы "31" желтоқсандағы № 479
шешіміне 1-қосымша

Арал қаласының 2021 жылға арналған бюджеті

Санаты		Сыныбы		Сомасы, мың теңге
		Ішкі сыныбы		
			Атауы	
1	2	3	4	5
			1. Кірістер	339 314,5
1			Салықтық түсімдер	58 122
	01		Табыс салығы	5 000
		2	Жеке табыс салығы	5 000
	04		Меншікке салынатын салықтар	53 122
		1	Мүлікке салынатын салықтар	905
		3	Жер салығы	6 550
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	45 667
2			Салықтық емес түсімдер	780
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	780
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлкті жалға беруден түсетін кірістер	780
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	0

4			Трансферттердің түсімдері	280 412,5
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	280 412,5
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	280 412,5
Функционалдық топ				Сомасы, мың теңге
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі				
Бағдарлама				
Атауы				
			2. Шығындар	359 657
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	136 519,5
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	136 519,5
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	136 519,5
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	191 623,3
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	191 623,3
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	41 952,3
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	92 852
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	56 819

08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	31 161
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	31 161
		006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмысын қолдау	31 161
15			Трансферттер	353,2
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	353,2
		048	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	353,2
			3. Таза бюджеттік кредит беру	0
			Бюджеттік кредиттер	0
5			Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
			4. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
			Қаржы активтерін сатып алу	0
			5. Бюджет тапшылығы (профициті)	(-20 342,5
			6. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	(20 342,5
8			Бюджет қаражаттарының пайдаланылатын қалдықтары	20 342,5
	1		Бюджет қаражатының бос қалдықтары	20 342,5

		01	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	20 342,5
	2		Есепті кезең соңындағы бюджет қаражатының қалдықтары	0
		01	Есепті кезең соңындағы бюджет қаражатының қалдықтары	0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК